**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Литва Республикасына 2001 жылғы 4-7 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 маусым N 778

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Литва Республикасына 2001 жылғы 4-7 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-литва ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Литва Республикасына 2001 жылғы 4-7 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де

мемлекеттік органдары және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде тиісті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тоқсанында кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы хабарлайтын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 8 маусымдағы
N 778 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Литва Республикасына 2001 жылғы 4-7 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай құжаттардың күшіне енуіне қажетті мемлекет. ішілік рәсімдерді жүргізу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Респуб. ликасының Үкіметі арасын. дағы салық заңдарын бұзу. шылыққа қарсы күрес сала. сындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2001 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі |
| | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қор. шаған ортаны қорғау ми. нистрлігі мен Литва Рес. публикасының Қоршаған орта. ны қорғау министрлігі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынты. мақтастық туралы келісім | --//-- | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қор. шаған ортаны қорғау министр. лігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Респуб. ликасының Үкіметі арасын. дағы құқықтық ақпараттар алмасу туралы келісімді қол қоюға дайындау | 2001 жылдың II жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі |
| 3 | Көлік және транзит сала. сындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастыру: | | |
| | 1) Клайпедада Қазақстан | 2001 жылдың | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Республикасының өкілдігін ашу мүмкіндіктерін қарастыру; | ішінде | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) |
| | 2) қазақстандық кәсіпкерлердің Клайпеда теңіз айлағындағы өндірістік инфрақұрылымдарды жекешелендіруге қатысу мүмкіндіктерін зерттеу; | | |
| | 3) Литва Республикасының айлақтық құрылымдарын пайдалана отырып, қазақстандық экспорттық-импорттық жүк тасымалдауларына бәсекеге қабілетті тарифтік шарттарды қалыптастыру жөніндегі бірлескен жұмыста күштерді біріктіру; | | |
| | 4) Литва тарабына Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы әуе қатынасын жаңғыртуға жәрдемдесу, Қытай - Алматы (Астана) - Вильнюс және Еуропа елдері бағытын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру | -//- | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 4 | Мұнай-газ секторындағы ынтымақтастықты дамыту: 1) Қазақстанның мұнайы мен газын Литва Республикасына экспортқа шығару және ол арқылы Еуропа елдеріне транзиттеу саласында өзара іс-қимыл жасау; | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Мұнай және Газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| | 2) транзиттік квота мен | 2001 жылдың | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тарифтердің мәселелерін келісу жөнінде Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Литва Республикасы арасында үш жақты келіссөздер жүргізу | IV тоқсаны | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Мұнай және Газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 5 | Ауыл шаруашылығы саласын. дағы ынтымақтастықты жандандыру:<br>1) асыл тұқымды мал шаруа. шылығын және таңдаулы тұқым шаруашылығын дамытуда;<br>2) ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара тиімді экспорттық жөнелтілімдерде | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 6 | Шағын кәсіпкерлік және жиһаз бен ағаш өңдеу өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты дамыту:<br>1) Қазақстан Республикасында жиһаз жасау жөнінде бірлес. кен кәсіпорын ашуға ықпал ету;<br>2) Астана қаласында Литва Республикасының Сауда үйін ашуға жәрдемдесу | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министр. лігі, Қазақстан Республикасы. ның Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қор. ғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 7 | Туризм және мейманхана бизнесі саласындағы ынты. мақтастықты кеңейту:<br>1) Литва Республикасының мемлекеттік және жеке мен. шік туристік ұйымдарымен | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | іскерлік қарым-қатынастар орнату;<br>2) туристер ағынын көбейту мақсатында шекаралық рәсімдер мен визалық режимді жеңілдету мүмкіндіктерін зерттеу | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 8 | Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының құқық қорғау органдары арасындағы Қазақстан Республикасының және Литва Республикасының мұрағаттарындағы сталиндік қуғын-сүргін құрбандары, саяси тұтқындар және жер аударылған тұрғындар туралы мұрағат материалдарын өзара беру жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті |
| 9 | Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа қатерлерімен: терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен, есірткі құралдарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен, заңсыз көшіп-қонумен, салық заңнамасын бұзумен екі жақты және сол сияқты халықаралық әрі аймақтық ұйымдар шеңберінде күресудегі ынтымақтастық және күш-жігерді үйлестіру | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Республикасының Бас Прокуратурасы (келісім бойынша) |
| 10 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша), "Мұнай және Газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК